

Теректі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 ақпандағы №39-2 "Теректі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 мамырдағы № 42-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 мамырда № 6242 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 48-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 28.12.2020 № 48-2 шешімімен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Укіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Теректі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 ақпандағы № 39-2 "Теректі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6054 тіркелген, 2020 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бағылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Теректі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

3- қосымшасында:

реттік нөмірі 1 – жолдағы "300 000" деген сандар "1 000 000" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Б.Кенжегулов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Теректі аудандық мәслихатының хатшысы

E. Плотникова

A. Нургалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК